ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 қараша №5165-24-00-2/3137 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Сайрам ауданы «Ақбұлақ ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Авто 4» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
Келісім шартты бұзу
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Сайрам ауданы «Ақбұлақ ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Авто 4» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Сайрам ауданы «Ақбұлақ ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі мен «Авто 4» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында жасалған 2024 жылғы 03 қыркүйектегі №32 санды шарт бұзылсын.

Жауапкер «Авто 4» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 7 970 (жеті мың тоғыз жүз жетпіс) теңге тұрақсыздық айыппұл, 2 085 (екі мың сексен бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 20.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.12.2024, судья Байтенов С. К., 31.12.2024